

Аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы арыздарды қараудың сот практикасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 19 қазандағы N 14 Нормативтік қаулысы.

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 10 нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бұл қаулының күші тиісті заң қабылданғанша тоқтатылады - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы N 15 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің К990411_ (әрі қарай мәтін бойынша - АІЖК) нормаларына сәйкес тараптар жазбаша келісім (төрелік ескертпе, төрелік шарт) негізінде мүліктік дауларды аралық соттардың қарауына беруге құқылы. Бұл соттардың шешімдерін тараптар өз еркімен және аралық соттардың шешімдерінде көрсетілген тәртіп пен мерзімдерде орындауға міндетті.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 4 қазанда қосылған " Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы" 1958 жылғы U952485_ Нью-Йорк конвенциясында және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 мамырдағы N 356 P930356_ қаулысымен бекітілген " Экономикалық дауларды шешетін аралық соттар туралы үлгі ережеде" аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату мүмкіндігі аудандық сотқа осындай мәселені шешу туралы арыз беру арқылы көзделген.

Аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы арыздардың мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын біркелкі түсіну мен қолданудың қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы қабылдап, төмендегідей түсіндірме береді:

1. Аралық соттардың экономикалық дауларды қарау жөніндегі шешімдері тараптар үшін міндетті болып табылады және борышкерлердің оларды сол соттардың шешімінде көрсетілген мерзімдер мен тәртіпте орындауына жатады.

Борышкерлер аралық соттардың шешімдерін өз еркімен орындаудан жалтарған жағдайда, талапкерлер аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп

орындату туралы арыздарды борышкерлердің тұратын жері бойынша аудандық және оларға теңестірілген соттарға (әрі қарай мәтін бойынша - аудандық соттарға) беруге хақылы.

Аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы арыздар АІЖК-нің К990411_ 425-бабына ұқсастығы бойынша және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 мамырдағы N 356 P930356 _ қаулысымен бекітілген "Экономикалық дауларды шешетін аралық соттар туралы үлгі ереженің" 37-40-баптарында көрсетілген тәртіп бойынша беріледі.

2. Аудандық сот аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы талапкерден келіп түскен арыз туралы, сондай-ақ оның сот отырысында қаралу орны мен уақыты туралы борышкерді хабардар етеді. Егер, борышкерден арызды қарауды кейінге қалдыру туралы, сот отырысына келе алмауының дәлелді себептері көрсетілген өтініш келіп түспесе, борышкердің сот отырысына келмей қалуы арызды қарауға кедергі болып табылмайды.

3. Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы арыздарды қараған кезде аудандық сот:

тараптардың мүліктік дауды аралық сотта қарау туралы жазбаша келісімнің бар-жоғын;

аралық соттың құрамын қалыптастыру және дауды қарау рәсімінің сақталғанын;

жауапкердің істің аралық сотта қаралуының орны мен уақыты туралы тиісінше хабардар етілуін және оның аралық талқылауға келмей қалуы дәлелді себептерге байланысты болғанын, аралық сот шешім шығарғанға дейін олар туралы хабардар болғанын тексеруге міндетті.

4. Егер аудандық сот аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы арызды қараған кезде аралық соттың осы қаулының үшінші тармағында аталған мән-жайларды сақтағанын анықтаса, онда сот аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы ұйғарым шығарады.

Егер аралық сот істі қараған кезде осы мән-жайлардың ең болмаса бірін сақтамаса, онда аудандық сот аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Аудандық соттың аралық сот шешімін мәжбүрлеп орындату туралы арыздарды қараудың нәтижелері бойынша шығарған ұйғарымына АІЖК-нің К990411_ нормаларында көрсетілген тәртіпте шағым, наразылық келтірілуі мүмкін.

5. Аудандық сот аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы ұйғарымның негізінде атқару парағын береді, онда АІЖК-нің 236-бабының 4-бөлігіне сәйкес:

атқару парағын берген соттың атауы;

аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы ұйғарым шығарылған күні;

шешім шығарған аралық соттың атауы;

істің нөмірі мен аралық соттың шешім шығарған күні;

ұйғарымның қарар бөлігі;

өндіріп алушының және борышкердің атауы, олардың мекен-жайы мен деректемелері;

атқару парақтың берілген күні көрсетіледі.

6. Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы атқару парағы " Атқару өндірісі мен сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Z980253_ Заңда көрсетілген тәртіп бойынша сот орындаушыларының орындалуына жатады.

7. Қазақстан Республикасы Жоғары Төрелік Соты Пленумының 1995 жылғы 4 тамыздағы P9503BS_ "Төрелік шешімдерді орындау туралы" N 3 қаулысының 7-тармағы күшін жойды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Жалпы отырыстың хатшысы,

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы